

Қазалы ауданы елді мекендерінің аумағын көріктендіру Ережесін бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 қарашадағы N 161 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 28 желтоқсанда N 10-4-106 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 356 хатымен)

Ескеरту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - (Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012.12.11 N 356 хатымен).

## Р К А О е ск е р т п е с и .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бабына Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ** ЕТЕДІ:

ШЕШІМ

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес Қазалы ауданы елді мекендерінің аумағын көріктендіру Ережесі бекітілсін.

2. Аудандық Мәслихаттың 2009 жылғы 30 қыркүйектегі XVII сессиясының "Қазалы ауданы елді мекендерінің аумағын көріктендіру Ережесін бекіту туралы" № 152 шешімі жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс  
XIX сессиясының төрағасы,  
аудандық мәслихат хатшысы Т. Берікұлақов

Қазалы аудандық Мәслихатының  
2009 жылғы 21 қарашадағы  
N 161 шешімімен бекітілген

## **Казалы ауданы елді мекендерінің аумағын көріктендіру Ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қазалы ауданы елді мекендерінің аумағын көріктендіру Ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің З бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 б а б ы н а с ә й к е с ә з і р л е н д і .

2. Ереже Қазалы ауданы елді мекендерін көріктендіру саласындағы жеке және занды тұлғалардың қарым-қатынасын реттейді.

3. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) көріктендіру - адамның өмір тіршілігіне ыңғайлы, жайлы және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ететін элементтер мен жұмыстар кешені;

2) бекітілген аумақ - санитарлық ұстау және көріктендіруді ұйымдастыру жұмыстары кезінде бекітілген аумақ субъектілерінің келісімі бойынша тазарту және күтіп ұстау жұмыстарын жүргізу үшін бекітіліп берілген участке;

3) бөлінген аумақ - заннамада қарастырылған, құқықтарымен жеке және занды тұлғаларға берілген (бекітілген), қала құрылышы құжаттарында және мемлекеттік жер кадастрында белгіленген ауданы, шекарасы, тұрған жері, зандық мәртебесі және басқа сипаттарға ие болатын елді мекен аймағының бөлігі ;

4) жерді пайдалануши – мақсаты мен меншік түріне қарамастан аудан, елді мекен шегіндегі жер телімдерін пайдалануши занды немесе жеке тұлғалар;

5) шағын сәулеттік пішіндер - әсемдік үшін және іске жарамды сипаттағы н ы с а н д а р ;

6) өтпе жолдар (жүргін бөлік, өтетін жол) - тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және шағын мөлтек аудандар, орамдар ішіндегі қалалық құрылыш нысандарына көліктердің кіруін қамтамасыз е т у ш і ж о л ә л е м е н т і ;

7) тротуар - жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолға жалғасып немесе одан көгалдарымен немесе көгалдарымен бөлініп жатқан жолдың бөлігі;

8) өндірістік және тұтыну қалдықтары - өндіру және тұтыну кезінде өздерінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан шикізат қалдықтары, материалдар, жартылай өнделген өнімдердің, басқа да бұйымдар мен тағамдардың қалдықтары;

9) қатты тұрмыстық қалдықтар - тұтынудың тұрмыстық қалдықтары;

10) ірі көлемді қалдық - өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан, өздерінің көлемі бойынша қоқыс жинайтын автокөлікпен тасымалдауға келмейтін қолданыстың және шаруашылық қызметтің қалдықтары;

11) жөн-жосықсыз төгілетін қоқыстар үйінділері - занды және жеке тұлғалардың жұмысы кезінде пайда болған коммуналдық қалдықтар, ірі көлемді

қалдық, өндіріс және құрылыш қалдықтары, басқа да қоқыстар, қар, мұздарды шығару (орналастыру) немесе үю;

12) қатты тұрмыстық қалдықтар және ірі көлемді қалдықтарды шығару – қалдықтарды шығару және ауланы тазалау және оларды арнайы орындарға апаруға байланысты шаралар кешені;

13) уәкілетті орган - аумақта көріктендіру жұмыстарын жүргізуге (ұйымдастыруға) тиісті уәкілдік берілген жергілікті атқарушы органдар.

## 2. Елді мекендерді таза ұсташа

4. Жалпы пайдаланудағы орындардың тазалануы мен ұсталуы келесі жұмыстарды қамтиды:

- 1) шағын көлемді қалдықтарды шығару;
- 2) ірі көлемді қалдықтарды шығару;
- 3) жазғы маусымда сыпсыру, су шашу мен жуу;
- 4) қамыс пен басқа да жабайы өсімдіктерді шабу және шығару;
- 5) қоршаулар мен шағын сәулетті пішіндерді жөндеу мен сырлау;
- 6) қыскы маусымда көлік жолдарын тазалау;
- 7) механикаландырылған түрде қарды тазалау және артып шығару.

## 3. Көлік жолдарын тазалау

5. Көшелердің көлік жолдарын, алаңдарды, аудандық және ауылдық жол желілерін, көлік тоқтайтын орындарды тазалауды уәкілетті органмен шарт жасасқан тұлғалар жүргізеді.

6. Жолдардың жиектері ірі көлемді және басқа да қоқыстардан тазартылуы тиіс. Жұмыстарды жүргізу кезінде қоқыстарды көшелердің жүргін бөлігіне және көлік жолдарына шығаруға болмайды.

## 4. Жаяу жүргіншілер жолдарын тазарту жұмыстары

7. Тротуарларды тазалау, сондай-ақ инженерлік құрылыштар мен баспалдаққа шығатын жерлерге жалғасқан техникалық тротуарларды (кіре беріс жолдарын) жинауды осы инженерлік құрылыштардың иесі болып табылатын тиісті тұлғалар жүргізу і тиіс.

8. Көшелердің көлік жолдарынан көгалмен бөлінген тротуарларды және тұрғын үй ғимараттарынан тікелей шығатын жолдары бар аулаларды, мекеме, кәсіпорындар, сауда-саттық және қызмет көрсету объектілерінің аулаларына кіретін жолдарын тазартуды бекітілген аумақтарға сәйкес тиісті тұлғалар жүргізу і тиіс.

9. Тротуарлар толығымен топырак-құмнан, әр түрлі қоқыстардан тазартылуы қажет.

## 5. Қысқы маусымда аудан аумақтарын тазалаудың ерекшеліктері

10. Саябақтардағы, бақтардағы, скверлердегі, бульварлардағы жолдарды және басқа жасыл аймақтарды тазалау кезінде, осы мақсаттарға дайындалған алаңшаларға, жасыл отырғызылардың сақталуы мен еріген сулардың ағуын қамтамасыз еткен жағдайда, құрамында химиялық қоспалары жоқ қарларды үюге рұқсат беріледі.

11. Қысқы кезеңде жолдар, бақ орындықтары, қоқыс салатын жәшіктер және басқа да элементтер мен кіші сәулет пішіндері, сондай-ақ олардың алдындағы және бүйірлеріндегі жерлер, оларға баратын жолдар қар мен мұздактардан тазартылуы керек.

12. Қар үйінділерін жинауға болмайтын жерлер: бір деңгейде барлық жолдар мен көшелердің және кіру жолдарының қыылыштарында және теміржолға жақын жолдарда; көліктік қоршаулармен жабдықталған немесе көтеріңкі жиектемелері бар жол учаскелерінде;

тротуарлар мен көгалдарға.

13. Жолдан қарды арнайы дайындалған орындарға шыгару қажет.

14. Тротуарлар түскен және қатып қалған мұзды қардан бүкіл ені бойынша толығымен тазартылу керек.

15. Үйлердің аулаларынан және жолдардан тазартылған қар автокөліктер мен жаяулар қозғалысына кедергі жасамайтын орындарға жиналу қажет.

16. Тұрғын үй аулаларының ішкі жағына қарды жинағанда еріген қар суының қалай ағатынын алдын ала ескеру керек.

## 6. Тазалықты қамтамасыз ету

17. Елді мекен аумағында тұрмыс және құрылыш қоқыстарын, өндіріс қалдықтарын, бос ыдыстарды, ағаш кесінділерін, түскен жапырақтарды тастауға, шығарылған қарды үюге жол берілмейді.

18. Көшелерде, жалпы пайдалану орындарында қоқыстарды, жапырақтарды, бос ыдыстарды, өндіріс және тұрмыстық қалдықтарды өртеуге, от жағуға жол берілмейді.

19. Су айдынына өндірістік кәсіпорындардан шыққан тазаланбаған суды және жеке меншік секторының ағын суларын жіберуге жол берілмейді.

20. Жалпы пайдаланатын жерлерде су алатын колонкалардың жанында мал суаруға, су айдындарында, көпшілік демалатын орындарда, тұрғын үйлердің кіре

берістерінде автокөліктерді жууға, тазалауға және жөндеуге болмайды.

21. Топырақты, қоқысты, шашылатын құрылыш материалдарын, жеңіл ыдыстарды, жапырақтарды, кесілген ағаштарды жолдарды ластауға жол бермейтін брезентпен немесе басқа материалмен жабылмаған күйінде тасуға болмайды.

22. Көшелер мен саябақтарда, стадион, мектеп жанындағы участеклер мен басқа да қоғамдық орындарда мал, құстар бағуға, жаюға болмайды.

23. Арнайы белгіленген жерлерден басқа орындарға хабарландырулар, баспа, үгіт материалдарын, көрнекі ақпараттық материалдарды орналастыруға болмайды. Осы өнімдердің басқа да жерлерге ілінуі тиісті объектінің меншік иесінің келісімімен жүргізіледі.

24. Меншік нысанына қарамастан мекеме, кәсіпорындардағы, сауда-саттық нысандарындағы сыртқы көрнекі ақпараттар (хабарландырулар, жарнамалар, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат) "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңнама талаптарына сәйкес болуы тиіс.

## **7. Қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және шығару**

25. Елді мекендер аумағында, тұрғын үйлер мен ғимараттар, мекеме, кәсіпорындарда, сауда-саттық нысандарында тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін арнайы орындар болуы керек.

26. Вокзалдарда, базарларда, сауда үйлерінде, тамактандыру орындарында, әуежайларда, саябақтарда, демалыс орындарында, аландарда, білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінде және басқа көпшілік пайдаланатын орындарда, көшелерде, жолаушылар тасымалдау көліктегі аялдамаларында, сауда нысандарының кіре берістерінде міндепті түрде қоқыс жәшіктері орнатылуы тиіс.

27. Қоқыс жәшіктерін орнату мен тазалау тиісті шарт жасасқан тұлғалармен немесе иелігінде (қолданысында) қоқыс жәшіктері бар субъектілермен жүргізеді.

## **8. Шағын сәулеттік пішіндерді күтіп ұстау**

28. Тұрғын үй ғимараттары аумағы, қоғамдық аймақтар, гүлзарлар, көшелер, саябақтар, аландар демалу үшін шағын сәулеттік пішіндермен гүлзарлар, орындықтар, арнайы жәшіктермен, субүрқақтармен, балалар ойындарына арналған қондырғылармен, ересек адамдардың демалуына арналған орындармен жабдықталады. Шағын сәулеттік нысандардың иелері – занды және жеке тұлғалар оларды ауыстыруға және күтіп ұстасуы тиіс.

## **9. Ықшам аудандар мен тұрғын үй аумақтарының көгалдандырылуы**

29. Ықшам аудандар мен тұрғын үй аумақтарына бөлінген жерлерде төмендегі тәртіп сақталуы тиіс:

аулаларға өздігінен түрлі шаруашылық немесе қосалқы құрылыш (гараждар және басқа) салуға жол бермеу;

ауланың ішкі аумақтарына құрылыш материалдарын үюге жол бермеу; өзінің тенгеріміндегі (шаруашылық жүргізуі немесе жедел басқару) инженерлік желілерді қалыпты жағдайда ұстай, құдықтарды уақытында қарап, тазарту;

шағын сәулет пішіндерін, спорттық, ойын, балалар мен шаруашылық алаңшаларының жабдықтарын, қоршауларын қалыпты жағдайда ұстай, олардың сыртқы түрінің ұқыптылығын сақтау.

## **10. Апаттық жұмыстарды жүргізу**

30. Қалыпты жұмыс тәртібінің бұзылуына, не болмаса азаматтардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіруге, су объектілерінің ластануына әкелетін жер асты және жер үсті коммуникацияларында құрылыш жүргізу барысында апаттар орын алған жағдайда, тез арада олардың қалыпты жұмыс істеуі үшін жедел шаралар қабылдануы керек.

31. Апат туындаған жағдайда инженерлік коммуникациялар мен құрылғылардың иесі, пайдаланушы үйымға апатты және оның салдарын жоюдың жедел шараларын жасауды ұсынуы тиіс. Бұл жағдайда мыналар: адамдар мен көлік қозғалысының қауіпсіздігі, сондай-ақ қатар орналасқан жерасты және жерүсті ғимараттарының, инфракұрылым нысандарының, жасыл жеке мүнайтердің сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс.

32. Апаттық бригаданы апат орнына жіберумен қатар пайдаланушы үйым апаттың сипаты мен орны жайында аудан әкімдігіне, осы апат ауданында жерасты және жерүсті құрылғылары бар үйымдарға және басқа да мүдделі қызметтерге хабарлауы тиіс.

33. Жер асты инженерлік коммуникацияларының иелері жолдардың төсемдермен, тротуарлармен, көгалдармен және құдықтардың қақпақтарымен бір деңгейде, қалыпты жағдайда ұстайды, сонымен қатар коммуникациялардың қанағаттанарлықсыз жағдайынан пайда болған жолдардың бұзылған шегінде төсемдерін қалпына келтіріп жөндеуді қамтамасыз етуі тиіс;

Құдықтардың қақпақтарының бар болуын және қалыпты жағдайда болуын бақылауды және оларды уақытында ауыстырып, жоғалған кезде орнына қоюды жүзеге асыруы тиіс.

## **11. Қазалы ауданы елді мекендерінің аумағын көріктендіру Ережесінің талаптары бұзылмауын жүзеге асыратын органдар**

34. Осы Ереженің сақталуын бақылауды қоршаған ортаны қорғау, ішкі істер, сәулет-құрылымдар, өртке қарсы және санитарлық бақылау, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдар мен олардың құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жүргізді.

35. Елді мекенді көріктендіру жағдайын жалпы бақылауды және функционалдық міндеттерге сәйкес мемлекеттік бақылау-қадағалау органдарының іс-қимылдарын үйлестіруді (оның ішінде аралап өту, зерттеулер және басқалар) аудан әкімдігімен (немесе әкіммен) белгіленген жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.